«Бекітемін»

Мектеп директоры: _____ Утебаева Ж.Б

«_01_» _______ 2021 ж.

2021 -2022 оқу жылына арналған ЖББ «Шахта мектебі»КММ педагог-психологының инклюзивті білім алатын оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспары

| № | Мазмұны | Зерттеу әдісі | Уақыты | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Инклюзивті білім алатын оқушыларды анықтау, тізімін жасақтау, әлеуметтік куәлігін анықтау | Диагностика | Қыркүйек | Мектеп психологы |
| 2 | Инклюзивті оқушының ортаға бейімделуін анықтау | Диагностика | Қазан | Мектеп психологы |
| 3 | Инклюзивті оқушының сынып жетекшісі және пән мұғалімдерімен кездесу | Кеңес, ұсыныс | Қазан | Мектеп психологы |
| 4 | Зейін қойып, есте сақтау қабілеттерін дамытуға арналған психологиялық ойындар жүргізу | Нейрожаттығулар | Қараша | Мектеп психологы |
| 5 | Психологиялық жеке жұмыстар жүргізу | Психологиялық кеңес | Үнемі | Мектеп психологы |
| 6 | Оқушының ата – анасымен кездесу «Ата-ана және бала» | Кеңес<br><br>Дәріс-сабақ | Үнемі<br><br>Қаңтар | Мектеп психологы Логопед |
| 7 | Жүргізілген жұмыстар бойынша қорытынды | Ақпарлама, есеп жазу | Мамыр | Мектеп психологы |

Мектеп психологы: Отебаева А.К
Қожаназарова Б.С

## 2021-2022 жылдағы ЕБҚЕ оқушылармен жүргізілген психологтың жұмысы туралы

## Ақпарлама

2021-2022 жылы ЕБҚЕ оқушылармен жүргізілетін психологтың жұмысы 5 бағыт бойынша жасақталып ұйымдастырылды.

1. Психоадаптация
2. Психологиялық диагностика
3. Психокоррекция және дамыту.
4. Психологиялық –ағартушылық жұмыс. (педагогтар және ата-аналар)
5. Ұжыммен психологиялық жұмыс.

Инклюзив (ерекше білімді қажет ететін) оқушылар саны - 1 оқушы. Бұл оқушы 7 сыныпқа қабылданды. Ерекше білімді қажет ететін оқушының арнайы мамандардан алынған анықтама қағаздары бар.

ПМПК ұсынымында психологпен жұмыс жасау делінгендіктен оқушымен уақытылы жұмыстар жүргізіліп отырылды.

Бұл оқушымен үнемі белгіленген кесте бойынша әр түрлі әдістемелік тапсырмалар, психологиялық дамыту, түзету жұмыстары жүргізіліп отырды. Мектепшілік консилум ұйымдастырылып, ата-ананың келісімі алынып отырылды.

Бұл оқушыларға психологтың жылдық жоспардан бөлек ПМПК қортындысына сай жеке дамыту жоспарлары жасақталып, жұмыстар баланың дамуына қарай жүргізіліп отырылды.

2021 жылы Инклюзияны қолдау кабинеті барлық жабдықтарымен **қыркүйек** айында ашылды. Арнайы құралдарымен жабдықталған кабинетте оқушыны құрылған кестеге сәйкес баламен жеке жұмыстар жүргізіліп отырылды.

Оқушыны ортаға бейімдеуде психологиялық қолдау мақсатында сынып жетекшісі, сыныптастары тарыпынан көмек берілді.

Оқушының ортаға бейімделуінде үйлесімді қарым-қатынас орнады. Сынып жетекшісін, пән мұғалімдерімен түсіністік қалыптасқан. Сыныптастары арасында достық қарым-қатынас құрылған.

Ұжым мүшелеріне ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқытуда, тәрбиелеуде, дамытуда және әлеуметтік бейімдеуде психологиялық-педагогикалық қолдау ерекшеліктері» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, мектеп психологы Отебаева Асем «Инкюзивті білім беру» атты тақырыпта дәріс жүргізді. Дәріске қатысушылар өз пікірлерімен

**ЕБҚЕ оқушылардың сынып жетекшілерге және пән мұғалімдеріне** арналған психологиялық тренинг ұйымдастырылды. Сонымен қатар **«Инклюзивті қолдау»** кабинетімен құрал жабдықтарымен таныстырылды.

Жасақталған кесте бойынша оқушыларды жеке және топтық түрде оқушылармен жұмыстар жүргізілді. Психологтың негізгі мақсаты ЕБҚЕ оқушыларды қолдау, танымдық қасиеттерін дамыту.

Оқушының диагностикалық даму картасы толтырылды. Әрбір оқушыға психолог тарапынан толтыратын формалар толтырылып жеке – жеке папкаға жұмыстарымен бірге жасақталды. Әрбір баланың диагнозы ескеріле отырылып, қажеттіліктеріне қарай дамыту сабақтары жүргізіліп отырылды. Балаларға берілген диагнозыны (ЗПР) делінгеннен кейін балалардың ұсақ қол маторикаларын дамыту мен суретпен жұмыстар, құм терапиясы жүргізіліп отырылды. Топпен жұмыстар да жүргізілді.

Ерекше білімді қажет ететін балаларға зейін қойып, есте сақтау қабілеттерін дамытуға арналған психологиялық ойындар жүргізілді. Жүргізілген ойын-жаттығуларға оқушылар белсенділік танытып, қайталау жаттығуларын естеріне сақтау арқылы жеңіл, әрі жылдам орындап тұрды.

Ерекше білімді қажет ететін балалармен жеке сұхбат жүргізілді.Сұхбат барысында бұл оқушылардың сөйлеуде қиналатындығы, өз пікірін жеңіл әрі жылдам айта алмайтуда қиналатындығы анықталды. Бұл жөнінде сынып жетекшісіне ескертіліп, балаға психологиялық қолдау көрсете отырып, түсінісуге білім нәрін сусындату ұсынылды.

Ерекше оқушының ата-анасымен кедесулер жүргізіліп, психологиялық тұрғыдан қолдау көрсетіліп, кеңестер ұсынылды. Ата-анасына үлкен жауапкерішілік пен шыдамдылықтың қажет екендігі айтылып, барлық қиындықты жеңіп шығуда қайратты болуда мотивация берілді.





Педагог-психолог: Сарғұл Ж.К
Отебаева А.К